ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 26 мамыр №4360-25-00-2/1098 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С. Умарсирикова,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«№60 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Абдреев» атауымен әрекет етуші Сабырхан Умиралиевич Абдреев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «№60 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Абдреев» атауымен әрекет етуші Сабырхан Умиралиевич Абдреев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Абдреев» атауымен әрекет етуші Сабырхан Умиралиевич Абдреев мемлекет пайдасына сот шығыны 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья С.Умарсирикова

көшірмесі дұрыс

Судья С.Умарсирикова

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «04 » шілде 2025 жылы.

Судья С.Умарсирикова

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 26.05.2025

Заңды күшіне енген күні 04.07.2025. Судья Умарсирикова С. С. 04.07.2025

Сот өндірісі

Судопроизводство

4360-25-3-1/1160